

# 1 БАЛАЛАР АУРУЛАРЫ КАФЕДРАСЫ

## *ТАҚЫРЫБЫ: БАЛАЛАРДЫҢ ЖҮЙКЕ ІС ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫН БАҒАЛАУ*

ОРЫНДАҒАН: БЕРДІБЕК С.Г

ТОП: 445 ЖМ

ҚАБЫЛДАҒАН: ГАЛИМГОЖИНА Н.И

# ЖОСПАРЫ:

- Жүйке жүйесі мен жүйке-психикалық даму
- Эмбрион мен ұрықтық миының даму сатылары
- Балалардың жұлынының салмағы мен ұзындығы
- Жүйке іс әрекеттерінің дамуын бағалау
- Бас сүйегі мен мидың даму ақаулары

# НЕРВ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ НЕРВТІК-ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ

- Баланың өмірі, өсуі мен дамуы оның жарық дүниеге келген күнінен басталмайды. Орталық жүйке жүйесінің дұрыс қалыптасуы және оның одан кейінгі әрекеттері негізінен көптеген әсерлерге ,соның ішінде ұрықтың даму жағдайына байланысты.

# ЭМБРИОН МЕН ҰРЫҚТЫҚ МИЫНЫҢ ДАМУЫН ӘДЕТТЕ 3 САТЫҒА БӨЛЕДІ.

**Бірінші саты:** Ұрықтық кезеңнің бірінші триместрі.

Нерв жүйесінің алғашқы белгілері 3-ші аптада пайда болады. Алғашқыда ол пластинка сияқты болып ұрықтың арқа жағында орналасады. Жиіектері қосылғаннан кейін пластинка нерв түтігіне (трубкасына) айналады, оның алдыңғы жағы бірінен соң бірі үшке бөлінеді. Олар ми көпіршіктері деп аталады. Жақын арада алдыңғы және артқы көпіршіктер ортасынан бөлінеді де, бес ми көпіршіктері пайда болады. Алдыңғы ми көпіршігі мен ми жарты шарларында, 2-ші аралық мида, 3-ші көпіршік-орталық мида, 4-ші — Варолиев көпірінде және мишықта, 5-ші сопақша мида орналасады. Ұрықтық нерв жүйесі тез өседі. 2-ші айдың басында ми мен жұлынның барлық бөліктері қалыптасып үлгереді. Мидың жарты шарларының құрылысы өте тез өсіп жетіледі. Қатпарлары пайда болып, қыртыс-қабаттары жекелене бастайды. Құйырықты ядро мен қауаз (скорлупа), көру бұдыры мен ішкі капсула бөлінеді, мишық қалыптасып, қан тамырлары жетіле бастайды.

**Екінші сатысы** — ұрықтық кезеңнің екінші триместрі. Бұл кезеңде құрылымдар (структуралар) өте тез өсіп, морфологиялық жіктеледі. 6-шы айда ұрықтың мидың сыртқы көрінісі ересек адамның миына ұқсас болып келеді. Бұл сатының ерекшелігі — ішкі қуыстары мен мидың сыртқы қабаттарының аралығында байланыс пайда болады, вестибулярлық аппаратының құрылыстық (морфологиялық) және әрекеттік (функциялық) жетілуі, пирамидалық жолдардың миеленизациялану процесі басталады.

**Үшінші сатысы** — ұрықтық кезеңнің үшінші триместрін қамтиды. Мидың бүкіл бөліктері тез өсіп, мидың жарты шарларының қатпарлары мен сайлары (бороздалары) тереңденіп, күрделенеді. Ми қабатында клеткалық жіктелу басталады, пирамидалық жолдардың миеленизациясының алғашқы белгілері пайда болып, ми қанмен қоректенуге көшеді.

Мидың тез өсуіне байланысты (басқа мүшелер мен жүйелер сияқты) қалыптасуының қауыпты кезеңдері болады: Ұрықтанудың 7—8 күні, 3—13 аптада мүшенің толық жүйе түрінде қалыптасуы, және 18—22 аптада — мидың биоэлектрлік жұмысы мен бейнелістік (рефлекстік) реакцияларында саралы өзгерістер жүреді. Осы кезеңдерде қатерлі факторлардың әсері етуі орталық нерв жүйесінің әртүрлі

# ЖҮЙКЕ ІС ӨРЕКЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

- Бір жасқа дейінгі баланың жүйке іс әрекеттерінің (нерв психикалық) даму деңгейін бағалау үшін арнайы бағалау кестелері пайдаланылады
- Онда көру/Бк/, есту /Бе/ әрекеттері, сезім билеу-эмоция/Э/, дененің жалпы қозғалысы/Қж/, қолдың қозғалысы мен жұмысы /Ққ/, күн тәртібіне байланысты процестер және оны игеру /И/, қабілетінің пайда болатын мерзімдері көрсетіледі.



- 6 айға дейінгі баланың дамуын тексеру үшін, сөз түсінуінің дамуына байланысты жолдардан басқалардың бәрі қолданылады. 6 аймен 1 жас аралығында сезім билеу (эмоция), қол қозғалысы емес, заттарды ұстауға икемділігі бағаланады.
- Жаңа туылған нәрестенің төсектегі қалпы (жатысы) бағаланады. Нәрестенің қалыпты қалпы төмендегідей: алғашқы айларында аяқ-қолдарын денесіне тартып, бүгіп жатады. Себебі бүгілдіргіш бұлшық еттердің тонусы жаңа туылған балаларда шамадан тыс дамыған.

# ЖҮЙКЕ-ІС ӘРЕКЕТТЕРІН БАҒАЛАУ ҮШІН МЫНА ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

- **Қозғалыс түрі:** статика және моторика. Алдымен тек қандай қозғалыстар бар екендігін бағалайды. Егер 1 жасқа дейінгі бала болса, оны шалқасынан, етпетімен, қырынан жатқызғандағы қимылдарын, еңбектеуін, ойыншықтармен ойнауын және т.Б қимылдарын бақылайды. Барлық, әсіресе қолдағы буындардың, пассивтік және активтік қимылдарын тексереді.



- **Бұлшық ет күші (тонусы)**- жәй қалыпты жағдайда тексереді.
- **Еріксіз қозғалыстар**- жаңа туылған балада 2-3 айға дейін атетоидтық (саусақтардың бір қалыпты қалтырауы) қимылдар байқалады.
- **Физиологиялық рефлексстер (бейнелістер)**- 1 жасқа деін баланың қозғалысы бейнеліс түрінде болады, ол бейнелістер қимыл қозғалысының негізін қалайды да, кейін жоқ болып кетеді. Ол бейнелістер алғашқы 2-4 айдан кейін анықталатын болса ауытқу болып саналады.

# СЕГМЕНТАРЛЫ АВТОМАТИЗМДЕР

- **Алақан-ауыз бейнелісі (Бабкин бейнелісі)** үлкен саусақпен жаңа туған баланың алақанын басқанда бала аузын ашып, басын иеді. Бұл бейнеліс 2 айдан кейін әлсіреп, 3 айға таман жоғалады.
- **Қабу бейнелісі** - ерінге саусақпен жайлап ұрғанда еріндері шошайып ашылу пайда болады.
- **Іздеу бейнелісі** – еріннің жан-жағын сипағанда ерін бұрышы төмен түсіп, басын сипаған жаққа бұрып, ернімен емшек іздегендей қимыл жайды.

# БАС СҮЙЕГІ МЕН МИДЫҢ ДАМУ АҚАУЛАРЫ

- **Экзенцефалия**- бастың күмбезінің сүйектері және жұмсақ жамылғы тін жоқ болады(акрания). Осыған байланысты мидың жұмсақ қабығымен жабылған үлкен жартышарлар бөлек түйін сияқты томпайып тұрады.
- **Ббас сүйегімен мидың жарығы**- бас сүйегінің мүкіс аймағында жарық томпайып шығып тұрады.
- **Микроцефалия**- баланың бас сүйектері мен мидың мөлшері кішкене болады.
- **Макроцефалия**- мидың салмағымен мөлшерінің шектен тыс үлкеюі.
- **Гидроцефалия**- мида судың жиналуы.
- **Краниостеноз**- бас сүйегінің көлемінің әртүрлі жіктерінің ерте бітуіне байланысты кішреюі.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- Бала барлық көрсеткіштері бойынша жасына сай дамыған, белсенді сөйлеуі 6 айлық бала деңгейінде қалыс қалған.
- Осы тәртіппен 2-7 жастағы және мектеп жасындағы балаларға да тұжырым жасалады, содан соң жүйке іс әрекеттерінің дамуының тоқырауына әсерін тигізген себептерді анықтайды.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Б.Т Түсіпқалиев «Балалар ауруларының пропедевтикасы» – Алматы 2009жыл
- Ғаламтор желісі